

ISSN 1563-0366
Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Заң сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия юридическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Law series

№4 (76)

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

V-76
436-116-122.

3-бөлім Раздел 3
Азаматтық құқық және Гражданское право и
енбек құқығы трудовое право

<i>Нурахметова Г.Г.</i>	
К вопросу определения понятия и особенности юридической природы корпоративного правоотношения	110
<i>Ермұхаметова С.Р., Сейсенова Ш.</i>	
Қосылу шарттарының құқықтық табигатының кейбір мәселелері.....	116
<i>Теңізбаев Т., Урисбаева А.А.</i>	
Корпоративтік құқықтың түсінігі және жалпы сипаттамасы	122
<i>Байдельдинова М. Б., Даһъпане Ф. П.</i>	
К вопросу об имущественных отношениях супругов в казахстанском семейном праве: режимы собственности супругов	128
<i>Рыскалиев Д.У., Кобекова Б., М. Қунтуған</i>	
Государственные органы контроля: сфера трудовых отношений	136
<i>Қараашева Ж.Т.</i>	
Медиация жолымен дау мәселелерін реттеу	144
<i>Абдукаримова Ж.С., Сеубергенова Д.С.</i>	
ҚР азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтық жағдайының құқықтық реттеу кейбір мәселелері.....	148

4-бөлім Раздел 4
Инвестициялық және Инвестиционное и
қаржы құқығы финансовое право

<i>Куаналиева Г.А., Жоламанова Н.Н.</i>	
Қаржылық бақылауды құқықтық реттеудің кейбір мәселелері	154
<i>Тұяқбаева Н.С., Мадибекова А.Р.</i>	
Некоторые аспекты правового регулирования бюджетной системы Республики Казахстан.....	160

5-бөлім Раздел 5
Табиги ресурстар және Природоресурсовое и
экологиялық құқық экологическое право

<i>Еркінбаева Л.Қ., Нурымбетова А.С.</i>	
Қазакстан Республикасындағы жерді жалдау ақысын құқықтық реттеу мәселелері	166
<i>Ускеленова А.Т., Айгаринова Г.Т., Багзат А.</i>	
Правовое обеспечение экономической безопасности как приоритет экономической политики Казахстана	172
<i>Ақшатаева Ж.Б., Арипұлы З., Шайхисламов И.Е.</i>	
Некоторые правовые проблемы регулирования оборота генно-модифицированных организмов в Республике Казахстан.....	178
<i>Джсанғабулова А.К.</i>	
Понятие возобновляемых источников энергии	184
<i>Kalymbek B., Ozenbayeva A.T.</i>	
Significance of the international cooperation in ensuring veterinary safety and a problem of improvement of the current legislation of the Republic of Kazakhstan.....	190
<i>Айгаринова Г.Т.</i>	
Проблемы правового обеспечения охраны и рационального использования земель в Республике Казахстан.....	196
<i>Ережепқызы Р.</i>	
Некоторые вопросы государственно-правового механизма обеспечения доступа общественности к экологической информации	202
<i>Есекеева А.А., Ержанова Б.С.</i>	
Практика и особенности обязательного агрострахования в Республике Казахстан.....	208

Ермухаметова С.Р.,
Сейсенова Ш.

**Қосылу шарттарының
құқықтық табиғатының
кейбір мәселелері**

Ermuhamedova S.R.,
Seisenova Sh.

**Some problems of the nature of
the treaty of accession**

Ермухаметова С.Р.,
Сейсенова Ш.

**Некоторые проблемы природы
договора присоединения**

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес қосылу шарттарының азamatтық-құқықтық, реттелуінің мәселелеріне талдау жүргізілді. Зерттеу барысында қосылу шарттарының жасалу ерекшеліктері мен басқа да азаматтық құқықтық шарттармен арақатынасы талқыланды.

Түйін сөздер: қосылу шарты, жария шарт, шарт нысаны, жауапкершілік.

The state rassmatrivaetsya questions merger agreement. During the study examines the relationship agreement prisoedeniniya other civil contracts.

Key words: merger agreement, a public contract, the contract form, responsibility

В статье рассматриваются вопросы договора присоединения, а именно исследуется соотношение договора присоединения с другими гражданско-правовыми договорами.

Ключевые слова: договор присоединения, публичный договор, форма договора, ответственность.

ҚОСЫЛУ ШАРТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫНЫҢ КЕЙІР МӘСЕЛЕЛЕРИ

Қазақстандағы саяси және әлеуметтік реформалар құқық жүйесінің өзгеруіне және экономикалық қызметтердің еркіндігінің заңда бекітілуін қажет етті. Дербестікке, жеке бастамашылыққа негізделген жаңа экономикалық қатынастар азаматтық айналымдағы шарттардың маңызының көтерілуіне ықпал етті.

Экономикалық реалдар, ғылым мен техниканың тез дамыуы, өнімнің көп шығарылуы және стандартты тауарлар мен қызметтердің колданылуы шарттардың табиғатына жаңаша қаруады қажет етті және жаңа азаматтық-құқықтық шарттардың заңды түрде бекітілуін қажет етті.

Азаматтық құқықтағы осындай жаңалықтардың бірі қосылу шарттарының құқықтық реттелуі. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, ережелерін тарараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тараф оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алғын шарт қосылу шарты деп қарастырылған.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңына сәйкес, салымшының жеке зейнетакы шотын ашу туралы өтініші негізінде бірыңғай жинақтаушы зейнетакы коры міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары есебінен зейнетакымен қамсыздандыру туралы шарт жөніндегі мәліметтерді міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары есебінен зейнетакымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізу үшін Орталыққа электронды хабарлама жібереді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы корының Орталықтың міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары есебінен зейнетакымен қамсыздандыру туралы шарт жөніндегі мәліметтерді міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары есебінен зейнетакымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізілген туралы электронды хабарламасын алған күннен бастап салымшы міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары есебінен зейнетакымен

қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептелеңдігі қарастырылған.

Қосылу шарты өзінің жасалу процедурасы жағынан басқа шарттардан өзгеше. Егер әдеттегі шарт хат алмасу, шарт ережелерін келісу жолымен жасалса, қосылу шартының ережелерін бір тарап дайындауды, ол стандартты формаларда (бланк, формуляр, т.б.) анықталады. Екінші тарап шартқа ешқандай өзгерту енгізе алмайды. Егер енгізетін болса шарт қосылу шартынан жай шартқа айналады.

Негізінен, қосылу шарты экономикалық әртүрлі салаларына тарауды, соның ішінде электр және жылу куатын, газды және коммуналдық кәсіпорындардың басқадай қызметтің пайдалану туралы шарттарды, көлік ұйымдарымен жасалатын шарттар.

Кей жағдайларда көптеген жария шарттар, бір жағынан қосылу шарттары да болып табылады. Мысалы, затты пайдалануға беру ательесі ол жайында шарт жасасқанда жария шарттың бір тарабы болып саналады. Сонымен қатар, шарт жасасқанда ол ателье клиентке шарт ережелері келтірілген бланк ұсынады. Клиент оған ешнәрсе қоспастан шартқа қол қоя салады. Егер қосатын болса онда ол жай шартқа айналады.

Бұл шарт негізі шартқа қосылышы тарапты қорғауға бағытталған. Азаматтық кодекстің 389-бабында қосылышы тараптың шартты бұзуга құқы бекітілген. Шарттың ауырлығы сол тараптың ақылға қонымды мұдделерін ескеру арқылы анықталады, ақылға қонымды принцип жайында АҚ-ның 8-бабын негізге алуға болады.

Қосылу шарты арқылы шарттарды жасау шарттық қатынастардың рәсімделу процедурасының жеңілдетілуіне мүмкіндік береді.

Дегенмен мұндай жағдайда шартты жасау кезінде контрагенттердің тенсіздігі байкалады, себебі екінші тарап шарттың мазмұнын талқылай алмайды, тек қосылады немесе оны жасаудан бас тартады. Бұл шарттарда белсенді тарап өзінің жеке тәуекелдерін ұсына отырып, ол тараптарды шарттың формулярында анықтайты, өзінің ұstem жағдайын пайдалана отырып, шарт бұзылған жағдайдағы жауапкершілігін шектеп қояды.

Қазіргі кезде қосылу шарты кәсіпкерлік аясында көп қолданылады. Бұл қебінесе жолаушыларды тасымалдау, байланыс қызметтерін көрсету, сактандыру шарттары, банк қызметі бойынша қолданылады.

Қосылу шарттарын құқықтық реттеу кезіндеңдегі заңнамалардың жетіспеушілігін немесе кемшілік тұстары ретінде қосылу шарттарына бір

тарап ретінде тұтынушының қатысуының мәселелерінің қарастырылмауы да жатады.

Сондықтан қосылу шарттарының теоретикалық ережелерін өңдеу әлсіз тараптардың мұдделерін қорғаудың бірден-бір негізі болар еді.

Негізінен қосылу шарттарының анықтаушы белгілеріне жолданатын офертаның стандарттық нысаны болып табылады. Бұл қосылу ұсынылған стандарттың талаптарына тұтастай қосылуды қарастырады. Сонымен қатар қосылу шарттары жазбаша нысанда жасалады. Формуляр шарттың міндеттемелердің нақты түрі мен талаптары қарастырылған шарттың стандарттық нысаны және шарттың бір тарапымен немесе үшінші тұлғалармен өндөлген үлгілік, стандарттық құжат.

Тараптар қосылу шарттарын жасаған кезде ұсынылған формулярдың бір немесе бірнеше талаптарын келіскең жағдайда, шартты өзгерту және бұзу туралы жалпы нормалар тараптардың келісілген болілігіне қатыстыған қолданылады. Егер де тараптар келіссөзсіз тұтастай қосылған жағдайда бұл тарапты осындаи шарттар бойынша берілетін құқықтардан айыратын болса немесе міндеттемені бұзғаны үшін басқа тараптың жауапкершілігін жоятын немесе шектейтін болса не қосылған тарап үшін онда анық қындық келтіретін, шарттың талаптарын белгілеуге қатысатын мүмкіндігі болып тұрғанда өзінің ақылға қонымды түсінілетін мұдделерін негізге ала отырып қабылдамай-ақ қоятын талаптары болса, шартқа қосылған тарап шартты бұзуды талаң етуге құқылы.

Қосылу шарттары арқылы шарттарды жасау еріктің автономдығы немесе шарт еркіндігіне қатысты болғандықтан, шарттың мазмұны тараптардың біреуімен анықталады, ал қалған болілігі тек талқылануы мүмкін еместігімен ғана емес, таңдау құқығы да берілмейді.

Дегенмен қосылу шарттары контрагенттің құқықтарын бұзуга бағытталмайды, құқықбұзушылық тек өзінің құқықтарын шамадан тыс пайдалану кезінде орын алады. Себебі қосылу шарттарында көбінесе шарттың ережелерін біржакты анықтауға басымдылық орын алады.

Біз қарастырғандай қосылу шарттары әдеттегі шарттардай шарт еркіндігі және тараптардың тенденцијі қағидасы қосылған тарапқа қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ, сондықтан заншығарушы алдында қосылған тараптың құқығын қорғау мәселесі түр. Бұл жерде әлсіз тараптың құқықтары қорғаудан бас тартылуы мүмкін, егерде шарттың талаптарын ұсынған тарап шарттағы стандарттық ережелер туралы ескерткен жағдайда және шартты жасау кезінде

шарт ережелерімен танысуға мүмкіндік берген жағдайда.

Азаматтық кодексте қарастыстырылғандай ережелерін тараптардың біреуі формуларларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт қосылу шарты бойынша заңнама формуларлар немесе өзге стандартты деген нысанды қарастырмайды.

Басқа мемлекеттердің нәтижесінде көрсетіп отырғандай, формуларларға екінші тараптың құқығын шектейтін немесе бұзатын ережелер сот және басқа да үәкілдегі органдар тарапынан қадағаланып отырады. Соңдықтан мұндай қорғау механизмін жүзеге асыру мүмкін, егер де нормативтік актілерде шарттың формуларын үәкілдегі органдарда келісін міндеттейтін нормаларды енгізу арқылы.

Қосылу шартын енгізуінде негізгі максаттары біріншіден, «монополияға қарсы» нормаларды дамыту, екіншіден, шартты жасау кезіндегі таңдау құқығының болмауы. Ушіншіден, трансакциондық шығындар, яғни шарт жасауден байланысты шығындар. Көптеген ғалымдардың айтуынша қосылу шарттарының басқа шарттардан басты айырмашылығы шартты жасау тәсілінде.

Қосылу шарттарын жеке санатқа бөліп шығарудың негізі де шарттың ережелерін анықтау еркіндігінде. Сонымен катар қосылу шарттың субъективтік құрам шектелмегендігімен анықталады, бұл жерде жария шарттардың субъективтік құрамымен салыстыруға болады. Қосылу шарттарын пайдаланған кезде шарттың жұмыстардың техникасы келіспеушілік хаттамаларын жасау, шарттың ережелерін талқылау сияқты тәсілдерді қарастырмайды. Негізінен, қосылу шарттары бөлек құжатты жасамай ақ жасалуы мүмкін. Ол жария оферта жолымен жасалуы мүмкін. Мысалы, ұлғи бойынша тауарды сату, каталог немесе интернет-дүкендер арқылы сату, автоматтарды пайдалану арқылы сату.

Біз қорыта келе, қосылу шартында қосылған тарап шартты бұзуға немесе сотқа жүгінуге құқылы емес, немесе шартты дайындаған тарап шарт бойынша міндеттемелердің қандай да бір бұзылғаны үшін жауаптылықтан босатылады деп белгіленген нормаларды ескере отырып, бұл ереже қолданылмайтын жағдайлар да бар екендегін қарастыра келе, ол – қосылған жақтың қәсіпкерлік қызметпен айналысып, соны жүзеге асыру үшін шартқа қосылуын атап өтеміз. Егер

қәсіпкер шарт тараптарының қандай екендігін білмеген болса және білуғе тиіс болмаса ғана ол өзінің шартты бұзу туралы талабын қанағаттандыра алды. Бірақ оны дәлелдеу өте қыын, тіптен мүмкін емес.

Азаматтық кодекс нормаларына сәйкес, егер қосылу шарты заңдарға қайшы келмеген, бұл тарапты осындашы шарттар бойынша берілетін құқықтардан айыратын болса немесе міндеттемені бұзганы үшін басқа тараптың жауапкершілігін жоютын немесе шектейтін болса не қосылған тарап үшін онда анық қындық келтіретін, шарттың талаптарын белгілеуге қатысадын мүмкіндігі болып түрғанда өзінің ақылға қонымды түсінілетін мұдделерін негізге ала отырып қабылдамай-ақ қоятын талаптары болса, шартқа қосылған тарап шартты бұзуды талап етуге құқылы. Бұл шарттың түрін құқықтық бекіту қажеттілігі қәсіпкерлік ұлгілік және стандарттың шарттарды пайдалану азаматтық айналым субъектілерінің арасындағы шаруашылық байланыстарды дамыту және шарттардың әрекет етуінің мерзімін ұлғайту үшін қажет.

Сонымен, қосылу шарттары әдеттегі шарттардай шарт еркіндігі және тараптардың тенденциясы қағидасы қосылған тарапқа қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ. Соңдықтан заңшыгарушы алдында қосылған тараптың құқығын қорғау мәселесі тұр. Бұл жерде әлсіз тараптың құқықтары қорғаудан бас тартылуы мүмкін, егерде шарттың талаптарын ұсынған тарап екінші тарапқа шарттағы стандарттың ережелер туралы ескерткен жағдайда және шартты жасау кезінде шарт ережелерімен танысуға мүмкіндік берген жағдайда.

Дей түрғанмен қосылу шарттарының қолданылу тәжірибесі болуы тиіс және қосылу шарттары негізінде жасалатын шарттар тізбесі аталаған бапта қарастырылғаны дұрыс болар еді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қосылу шарттың жасау кезінде екінші тарап шарттың мазмұнын талқылай алмауына қарай контрагенттердің теңсіздігі байқалады. Себебі, белсенді тарап өзінің жеке тәуекелдерін ұсына отырып, ол талаптарды шарттың формуларында анықтайды, өзінің үстем жағдайын паайдалана отырып, шарт бұзылған жағдайдағы жауапкершілігін шектеп қояды. Соңдықтан қосылу шарттарының негізгі құқықтық табигатын анықтау қажет және тәжірибеде аталаған шарттың мазмұнының және мәнінің толық қалыптаспауына байланысты қосылу шартың құқықтық реттеу қажет деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Жалпы және ерекше бөлім.//zakon.kz
- 2 Брагинский М.И. Витрянский В.В. Договорное право. Книга вторая: Договоры о передаче имущества. – М.: Статут, 2000. – 800 с.
- 3 Витрянский В.В. Новые типы гражданско-правовых договоров // Закон. – 1995. – №6. – С. 91-93.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk Kodeksi. Zhalpy zhane ereksh bolim.//zakon.kz
- 2 Braginskij M.I. Vitrjanskij V.V. Dogovorne pravo. Kniga vtoraja: Dogovory o peredache imushhestva. M.: Statut, 2000. – 800 s.
- 3 Vitrjanskij V.V. Novye tipy grazhdansko-pravovyh dogovorov // Zakon. – 1995. №6. – S. 91-93.

Тенізбаев Т., Урисбаева А.А.

**Корпоративтік құқықтың
түсінігі және
жалпы сипаттамасы**

Бұл мақалада корпоративтік құқықтың құқық, саласы, құқық, ғылымы және оқу пәні ретінде анықтаудың негізгі мәселелері қарастырылған. Корпоративтік құқықты екі мағынада түсіндіруге болады. Кең мағынада, корпоративтік құқық дегеніміз – шаруашылық, субъектілерін құру және қызмет ету тәртібін реттейтін, олардың құқықтық, мәртебесін анықтайтын құқықтық, нормалардың жиынтығы. Тар мағынада, корпоративтік құқық дегеніміз – коммерциялық, үйымның әкімшілігі немесе мешік иесі бекіткен, сол үйымның ішкі құқықтық, қатынастарын реттеуге бағытталған ережелер жүйесін білдіреді.

Түйін сөздер: Корпоративтік құқық, корпоративтік құқық, пәні, корпоративтік қатынастар, құқық, саласы.

Tenizbaev T., Urisbaeva A.A.

**Concept and general
characteristic of corporate law**

In this article considered the problems of definition of corporate law as branch of law, legal science and a subject. The corporate law can be considered in two concepts. In broad concept, the corporate law is a set of precepts of law, on regulation of establishment of economic subjects and their activity, and also by determination of their legal status. In narrow concept, the corporate law designates system of rules which regulates internal legal relations, established by administration or the owner of property of corporate association.

Key words: corporate law, a subject of corporate law, the corporate relations, branch of law.

Тенизбаев Т., Урисбаева А.А.

**Понятие и общая
характеристика
корпоративного права**

В данной статье рассмотрены проблемы определения корпоративного права как отрасли права, правовой науки и учебной дисциплины. Корпоративное право можно рассмотреть в двух понятиях. В широком понятии корпоративное право – это совокупность правовых норм по регулированию установления хозяйственных субъектов и их деятельности, а также по определению их правового статуса. В узком понятии корпоративное право обозначает систему правил, направленных на регулирование внутренних правовых отношений, установленных администрацией или собственником имущества корпоративного объединения.

Ключевые слова: корпоративное право, предмет корпоративного права, корпоративные отношения, отрасль права.